ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Тарих ғылымдарының докторы,
профессор К. Қожахметұлының 75 жылдық мерейтойына
орайластырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

28 наурыз 2014 ж.

# МЕНЯЮЩИЙСЯ МИР И КАЗАХСТАН

Материалы
международной научно-практической конференции,
посвященной 75-летнему юбилею доктора исторических наук,
профессора К. Кожахметулы

28 марта 2014 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

## МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ
**КЕҢЕСБАЙ ҚОЖАХМЕТҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ**......3
К.Н. Шәкіров

**1 бөлім. Профессор К. Қожахметұлының мақалалары**

**ҮЛКЕН ҚАНЖАР** ...... 5
К. Кожахметов, доцент КазГУ
**НЕТ ВОЗВРАТА К БЕЗЗАКОНИЮ**...... 7
К. Кожахметов
**ОТ ОБРАЗА ВРАГА К СОТРУДНИЧЕСТВУ**...... 8
Кеңес Қожахметов, Қаз МУ-дің доценті.
**БАТЫР БАБАЛАР АРУАҒЫНА БАС ИЕЙІК** ...... 11
К.Қожахметов, ҚазМУ-дың Азия және Африка елдері тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент
**ЖАЛҒАН ТАРИХ ЖАРҒА ЖЫҚТЫРАДЫ** ...... 12
К. Кожахмет-улы, д.и.н., проф. кафедры МО и МЭ факультета МО и МП
Казахского национального университета им. аль-Фараби
**ТРАГЕДИЯ СИРИИ**...... 14
Қожахметов К.Қ. профессор, т.г.д.
**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ДОСТЫҒЫ – ШЕКАРАНЫҢ ЕКІ ЖАҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТІЛЕГІ** ...... 16
К. Кожахметулы, д.и.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби
Факультет МО, кафедра МО и МЭ
**AHTUNG, ВОДА!**...... 18

**2 бөлім. «Өзгермелі әлем және Қазақстан» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушыларының мақалалары**

**Пьер Шабаль.** Франция. Размышления потомка родины Монтескьё после поездки в «Казакели» ...... 21
**Абдукадыров Н.М.** 1856 ж. Париж конгресі және Осман империясы мен Ресей арасындағы территориялық мәселелер...... 23
**Азаматова А.Б., Бекмухаметова А.Б.** Современное состояние экономики Казахстана...... 27
**Айдарбаев С.Ж., Амандосұлы Б.** Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кіруінен туындайтын халықаралық сауда дауларын шешуге қатысты мәселелер ...... 30
**Актаулова Бақыт, Ашинова Ботагоз.** Аймақтық ұйымдардың Солтүстік Африкадағы Араб көктемі революциялары кезіндегі рөлі ...... 31
**Алипкызы Р.** Роль Казахстана в региональной интеграции ...... 33
**Алтаева Г.О.** Язык бренда и область коммуникации...... 36
**Амандосулы Б.** Некоторые правовые аспекты учета региональных интеграционных интересов Казахстана при вступлении во Всемирную торговую организацию...... 40
**Амирова М.Ж.** Тілді меңгертуде жазбаша жұмыстардың маңызы...... 42
**Артыкбаева Л.К.** Казахстан и всемирная торговая организация ...... 44
**Ауган М.А.** Вопросы энергетического сотрудничества стран Центральной Азии с государствами Северо-Восточной Азии в литературе ...... 45
**Ахмет Тоқтабай.** Қазақ дәстүріндегі адамдарға жанама(лақап)ат қою мәні...... 48
**Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.** Интеграционные процессы в Центральной Азии...... 50
**Әбдіқадырова Ж.Б.** Аймақтық «күш орталығы» ұғымын зерттеудегі теориялық ыңғайлар...... 53
**Әбішева М.М.** Қазақстандық «шығыстанудың» ғылыми бағытын дамытудағы дін мәселесі ...... 57
**Әліпбаев А.Р., Божеева Б.З.** Халықаралық қатынастардағы келіссөздердің рөлі мен мәні ...... 60
**Әліпбаев А.Р., Әби Ж.** Қазақстан - Қытай арасындағы трансшекаралық өзен мәселесінің кейбір астарлары ...... 64
**Байгісиев М. К., Оспанбаев Ж.А.** Экономикалық көзқарастардың классикалық және кейінстік дәуірлері...... 67
**Баймагамбетова З.М.** Зона свободной торговли государств-участников СНГ и процессы унификации...... 70
**Балаубаева Б.М.** Түркия мен Армения қарым-қатынасындағы армян геноциді мәселесі ...... 73
**Барлыбаева С.Х.** Коммуникационные возможности Казахстана и меняющийся мир......74
**Бюжеева Б.З., Қарабалаева Ж.** Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы саяси-экономикалық қатынастардың дамуы......78
**Бюжеева Б.З. Мырзахметова Г.** Орталық Азиядағы су мәселесі ...... 80
**Губайдуллина М.Ш.** Доктрина «зеленого роста» в контексте казахстанской экологической инициативы «Зеленый мост» ...... 83
**Даркенов Қ.Ғ., Абжаппарова Б.Ж.** Орталық Азия: мүдделер тоғысы мен қақтығысы ...... 86
**Деловарова Л.Ф.** Некоторые аспекты международного сотрудничества в сфере регулирования миграционных процессов в регионе ЦА: ЕврАзЭс и Таможенный Союз ...... 90

**Досымбекова М.С.** Проблемы функционирования Таможенного союза Российской Федерации, Республики Казахстан и Республики Беларусь ........ 93
**Елемесов Р.** Теоретические основы и исторические корни национальной идеи «Мәңгілік ел» ........ 97
**Жунисова Г.Б.** Жеке айыптаудың қылмыстық материалдық және қылмыстық-процессуалдық аспект бойынша түсінігі ........ 99
**Идрышева Ж.Қ., А.Е.Еспан.** Үндістан және Қытай қатынастарының қалыптасуы мен дамуы ........ 102
**Ишуова Ж.Ш.** Принципы реализации денежно-кредитной политики государства в современных условиях: результаты DSGE модели ........ 105
**Каримсаков А.О.** «Араб көктемінің себеп-салдары» ........ 111
**Касымова Д.Б., Исаева А.И.** Институциональное управление этнической репатриацией в Казахстане ........ 113
**Қожахметұлы К., Фархат А.** Махатхир Мохамад үкіметі және Малайзия ........ 117
**Кондыбаева С.К.** Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын мемлекеттік реттеуінің экономикалық концепциялары ........ 121
**Күзембаева А.Б., Үзакбаева Г.** Қазақстан және НАТО ықпалдастығының кейбір аспектілері ........ 124
**Кульбаева А.Т.** Процесс объединения Кореи: прошлое, настоящее, будущее ........ 127
**Маглумова Г.С.** Реклама в системе международных маркетинговых коммуникаций ........ 131
**Мәшімбаев С.М.** Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы саяси-экономикалық және инвистициялық ынтымақтастық (1991-2010 жж.) ........ 133
**Медуханова Л. А.** Қазақстандағы теңгенің девальвациясы және дамушы елдерінің валюта бағамдарының өзгеру қазіргі кездегі тенденциялары ........ 135
**Mukanova Gulnar.** The problem of preservingthe identityofthe mediain Kazakhstan and centralASIA ........ 139
**Мұқаметханұлы Н.** Цин патшалығының қазақ жөнінде танымы мен саясатының қалыптасуы ........ 141
**Мырзахметова А.М., Турар Акбота.** Интеграционные процессы в рамках ЕврАзЭс ........ 144
**Наралиева Р.Т.** Мәңгілік қазақ елінің болашағының жарқын кепілі – жастар ........ 147
**Нурдавлетова С.М.** Сотрудничество Европейского Союза с Центральной Азией в области энергоресурсов ........ 149
**Оңдашұлы Е.** Алаштың оңтүстік қанатының Совет өкіметіне қарсылығы ........ 152
**Оңдаш А.О.** Әлемдік экономиканың ғаламдануы мен дағдарыстың жаңа үрдістері және «ресурсы мол» елдердегі экономикалық даму мәселелері ........ 155
**Рысалдиева А.Е.** Адам құқықтарын халықаралық қорғау тарихына шолу ........ 160
**Сарсембаева А.К.** Перспективы развития туризма в Казахстане ........ 163
**Смағұлова К.Қ.** Қазақстан және Қытай арасындағы саяси ақпараттық байланыс ........ 166
**Тастанбеков М.М.** Тайыр аймухаметұлы мансұров - нәзіртанушы ғалым ........ 168
**Темов Б.М.** Необходимость интеграционных процессов в агропромышленных комплексах ........ 172
**Уразаева Ф.П.** Интеграция интеграция үшін ғана емес ........ 174
**Үйқасбаева М.К.** Еңбекақыны ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі ........ 176
**Шашаев Ә.К.** Қазақстанның ежелгі тарихының пәнаралық сабақтастығы ........ 179
**Шакиров К.Н.** О Казахстанско-Японских отношениях на современном этапе ........ 183
**Pierre Chabal** Libre réflexion d'un descendant de la patrie de Montesquieu après des voyages en 'Kazakhilie' ........ 185
**Макашева К.Н.** Аймақтық интеграцияның теориялық негізі ........ 188
**Жумагулов К.Т.** Редкие источники по истории гуннов и аваров периода великого переселения народов ........ 193

**Айдарбаев С.Ж., Амандосұлы Б.**
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.,Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА МҮШЕ БОЛЫП КІРУІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ДАУЛАРЫН ШЕШУГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш Келісіміне 1994 жылдың 15 сәуір күні қол қойылды [1]. Бұл Келісім көпжақты сауда келіссөздерінің Уругвай рауынды Қорытынды актісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

1995 жылдың 1 қаңтары күнінен бастап Дүниежүзілік сауда ұйымы (бұдан әрі - ДСҰ) өз қызметіне кірісті. Бүгінгі күні бұл ұйымға қатысушы елдердің саны 150-ден асып жығылады. Тағы да 30-ға жуық мемлекет бұл ұйымға кіруші үміткер елдердің қатарында тұр, олар қазіргі уақытта байқаушы мемлекеттер мәртебесіне ие. Демек, көп ұзамай Дүниежүзілік сауда ұйымына жер бетіндегі барлық мемлекеттердің мүше болатынына кәміл сенуге болады.

Бұл ұйымға деген осыншама қызығушылық неден туындайды? Оның басты себебі, көбінесе халықаралық сауда-саттыққа байланысты халықаралық экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу саласында ерекше маңызды болып табылатын құқықтық ережелер жүйесі осы ұйымның шеңберінде шоғырланған.

Жалпы алатын болсақ кез келген халықаралық келісім-шартпен белгіленген құқықтық қарым-қатынастар жүйесінің тиімді қызмет етуіндегі басты элементтердің бірі дауларды реттеу тәртібі екендігі сөзсіз. Алайда, мұндай тәртіп дау бойынша шешім шығару үшін ерекше маңызды, ал шешімнің орындалуы болса басқа тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы мәселені ескеру керектігі тұрғысынан қарайтын болсақ, ДСҰ шеңберінде мүше-мемлекеттердің ұйым алдында алған міндеттемелеріне қатысты пайда болатын дауларды реттеудің арнайы тетігімен бірге, даулы мәселе бойынша шығарылған шешімнің орындалуына бақылау жасау тетігі де көзделген.

Осы екі тетік, бірігe отырып, Дүниежүзілік сауда ұйымы қызметінің тиімділігін қамтамасыз етудің құралдары болып табылады. Сондықтанда бұл тетіктерді зерттеместен, ДСҰ қызметін жан-жақты саралау мүмкін емес деуге болады. Осыған орай ДСҰ қызметін, соның ішінде ДСҰ-ның дауларды шешу тетігі мен ДСҰ-ның дауларды шешу бойынша шешімдерінің орындау тетігін ғылыми тұрғыдан зерттеудің Қазақстан үшін маңыздылығын ерекше атап оту керек.

Біздің еліміз ДСҰ-на мүше болу жөніндегі келіссөздерді 1996 жылдан бастады. Жақын арады еліміздің ДСҰ мүшелігіне толық қанды енуі жоспарланып отыр. Бүгінгі күні Қазақстанның ДСҰ-на кіру бойынша жұмыс тобының қорынытынды баяндамасы талқылану үстінде.

ДСҰ-ның біраз келісімдері біздің еліміздің экономикасына теріс әсерін де тигізуі мүмкін. Бірақ бұл ДСҰ-ның мүшелігінен бас тартуға негіз болмауы керек. Өйткені, егер біз ДСҰ-ны құрал ретінде қарастыратын болсақ, бұл құралды шебер қолдануға үйренуіміз керек екендігі сөзсіз.

Осыған орай, ДСҰ-ға Қазақстанның мүше болып кіруінің әртүрлі салдарына дайын болу үшін, ДСҰ қызметін жан жақты зерттеуіміз керек.

Бірқатар мамандардың айтуы бойынша Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің ең басты артықшылықтарының бірі дауларды шешу бойынша ДСҰ-ның тетігіне қол жеткізу болып табылады. Бұл ұйымға мүше болуға дайындалу және кейінірек одан пайда табу үшін дауларды шешу бойынша ДСҰ тетігі қалай жұмыс істейтінін, шешімдердің орындалуы қалай қақыланатынын, мүше-мемлекеттерге қандай мүмкіндіктердің берілетінін, аталған тәртіптерге жүгіну кезінде қандай қиындықтардың туындауы мүмкін екендігін білу қажет.

Демек, ДСҰ шеңберіндегі дауларды шешу және шығарылған шешімдердің орындалуына бақылау жасаудың тетіктеріне баға беру және талдау, осы мәселелердің құқықтық реттелуіндегі ақаулықтарды табу, сондай-ақ олардың орнын толтыру әрі жетілдіру ерекше маңыздылыққа ие мәселе болып отырғаны сөзсіз. Жалпы алғанда ДСҰ шеңберіндегі дауларды шешу тетігін талдау, бұл тетіктің артықшылықтары мен осал тұстарын анықтау, дауларды шешу және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ережелерін толықтыруға әрі нақтылауға бағытталған ұсыныстарды дайындау және ұсыну, сол сияқты дауларды шешу ережелері мен тәжірибесінің Қазақстан үшін маңыздылығына баға беру отандық құқық ғылымы үшін айрықша маңызды міндеттерге айналып отыр.

Біздің ойымызша, аталған мәселелердің барлығы да, жақын арада, атап айтқанда Қазақстанның ДСҰ-ға мүше ретінде ресми кіруіне дейін, шешімін табуы тиіс, әйтпесе қазақстандық компаниялар

ДСҮ-ға мүше елдерге тауарларын экспорттау немесе ол елдерден тауарларды импорттау кезінде біраз қиындықтарға шалдығуы мүмкін.

Бүгінгі күні ДСҮ шеңберінде дауларды шешу тәртібі жөніндегі мәселелер қазақстандық заңгер-ғалымдардың ДСҮ-ға қатысты бірнеше `жалпы сипаттағы еңбектерінде жанама түрде ғана көрініс тапқан. Бұл еңбектердің көпшілігі не мақала, не оқулықтар мен оқу құралдары нысанында орындалған. Ал арнайы, монографиялық деңгейдегі еңбек біздің отандық құқық ғылымында әлі күнге дейін дүниеге келген жоқ.

Бұл салада Р.Б. Жакупованың ДСҮ-ға кірудіңҚазақстан үшін құқықтық салдары бағытында орындалған диссертациялық еңбегін келтіруге болады [2]. Бірақ, біріншіден, бұл еңбектің өзі біраз жыл бұрын дайындалғандықтан тозып, ескіріп үлгерген. Екіншіден, бұл еңбекте ДСҮ-дың дауларды шешу тетігі мен дауларды шешу органынының тәжірибесіне қатысты мәліметтер жоқтың қасы.

Сол сияқты А.С. Иржановтың мемлекетаралық экономикалық дауларды шешу тәртібі туралы диссератциялық еңбегін де келтіруге болады [3]. Бірақ, бұл еңбекте де дауларды шешу бойынша ДСҮ органының тәжірибесі қарастырылмаған.

ДСҮ мәеелелеріне қатысты қазақстандық ғылыми мақалалардың басым көпшілігі экономист-ғалымдармен орындалған. Демек, олардың мазмұнында құқықтық мәселелер коп жағдайларда тіптен қарастырылмаған.

Яғни, қорытындылайтын болсақ, отандық құқық ғылымында жоғарыда қойылған сауалдардың жауаптары жоқ деп басып айтуға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Дүниежүзілік сауда үйымын құру туралы Марракеш Келісімі//Marrakesh Agreement Establishing the World Trade Organization (Марракеш, 15 сәуір 1994 жыл) // www.wto.org

2 Жакупова Р.Б. Перспективы правового регулирования сотрудничества Республики Казахстан со Всемирной Торговой Организацией. – Дисс. канд. юрид. наук: 12.00.10 -Алматы, 2002. - 169 с.

3 Иржанов А.С. Порядок разрешения межгосударственных экономических споров. –Дисс… канд. юрид. наук: 12.00.10. - Алматы, 2001.

**Актаулова Бақыт, Ашинова Ботагоз**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## АЙМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ СОЛТҮСТІК АФРИКАДАҒЫ АРАБ КӨКТЕМІ РЕВОЛЮЦИЯЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ РӨЛІ

Солтүстік Африкадағы араб елдері өзінің геосаяси орналасуына байланысты ерекше сипатқа ие. Бұл аймақ бір жағынан орналасуына байланысты Африкаға тиесілі болып, Африка одағына мүше болса (Мароккодан басқа), екінші жағынан араб елдері қатарына жататындықтан Араб Мемлекеттер Лигасының мүшесі болып табылады. Осындай екі ірі аймақтық ұйымда мүшелік ететін Солтүстік Африка елдері шын мәнісінде өздерінің дербес саясатын жүргізіп, екі ұйымның да ықпалының мардымсыз екендігін көрсетіп отыр. Тунис, Египет, Либияда болған көтерілістер аймақтық ұйымдар алдында тұрған көптеген мәселелердің бетін ашты.

Африкалық одақ 2002 жылдан бері жұмысын атқарып келе жатыр. Ол өз тарапынан оған дейін болған Африкалық Бірлік Ұйымының (1963-2002 жж.) орнына құрылды. Африкалық одақ озінің құрылымы жағынан Еуропалық одаққа ұқсас келеді. Алайда екі одақ арасында айтарлықтай айырмашылықтар көп. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – нақты саяси биліктің болмауы. Африкалық одақ құрылуы барысында «Африка мәселелеріне Африкалық шешімдер» деген ұранды алға тартқан болатын. Оған қарамастан, Тунистен басталған Араб көктемі революцияларының ешқайсысында одақ нақты бір саяси шешімге қол жеткізе алмады.

Африкалық одаққа мүше болған елдердің ішкі мәселелеріне араласпау деген ұйымның ресми заңнамасының 4-бабына байланысты Тунисте басталған халық толқуларына Африкалық одақ тарапынан ешқандай бір нақты шара ұйымдастырылмады. Тек қана сол уақытта Африкалық одақ комиссиясының төрағасы қызметіндегі Жан Пинг Тунистегі оқиға «үлкен алаңдатушылық» тудырып отыр деген хабарлама жасады [1]. Тунистегі болған оқиғалардың тез қарқынмен жүруі белгілі бір қадамдар жасауға мүмкіндік бермеген де шығар, алайда арада бір ай уақыт салып басталған Египеттегі котерілістер де Африкалық одақ тарапынан дұрыс және уақытылы бағаланды деп айту қиын.